

Бекітемін *Жуф*  
Мектеп директоры  
Ш.Н. Жасым

Келісемін *Лав*  
Оқу-тарбие ісін басқарушы  
О.Қ. Майбекова

# Қазақ тілі пәнінен үйірме жоспары

Мұғалім: Р.А. Жандилдина

## **Түсінік хат**

Бұл бағдарлама тіл білімінің келесі бір саласы синтаксис бойынша тілдік материалдарды тереңірек меңгеруге арналған.

Мұнда синтаксистік материалдарды жан-жақты талдай білуге: сөз тіркесі, оның түрлері, жай сөйлем, олардың түрлері жайлы меңгерген теориялық материалдардың рет-ретімен сызба бойынша жүйелі талдап үйренуге, оқушылардың сөздік қорын молайтуға, өз ойын нақты жеткізе білуге, көркем мәтіндерді мәнерлеп, сазына келтіріп оқуға, сөйлемде айтылған ойдың мәнін, мазмұнын жете меңгеруге ықпалын тигізеді.

Тілдік материалдарды терең меңгерту - оқушыларға берілген білімнің ұзақ уақыт естерінде сақталатындығын көрсетеді.

Бағдарламаның көздеген мақсатының бірі - тілдің рухы. Тілдің рухы деген өте бір күдіретті ұғым. Ол біздің салт-санамыз, дәстүріміз, ұлттық психологиямыз, дүние танымымыз.

Бағдарлама 6-8- сыныптың қазақ тілі пәні материалдарын кең көлемде меңгеруге арналған. Барлығы -34 сағат, аптасына 1 сағаттан жүргізіледі.

### **Мақсаты:**

1. Тұлғаны синтаксистік материалдарды ашық ажырата білуге үйрктү.
2. Сөздік қорын молайтуға, өз ойын жатық сөйлемдермен жеткізе білуге дағдыландыру.
3. Көркем мәтіндерді мәнерлеп, сазына келтіріп оқуға баулу.
4. Сөйлемде айтылған ойдың, мазмұнын жете меңгере білуге қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

- 1) Өз бетімен іздене білуге баулу.
- 2) Қосымша материалдармен сауатты жұмыс істей білу.
- 3) Шығармашылық қасиеттерін дамыту.

### **Міндетті деңгейге қойылатын талаптар:**

- Өз беттерімен мәтіндер, сценарийлер құрастыра білу;
- Талдау, пікір айта білу;
- Тарихи- мәдени, рухани мұраларды тіл арқылы меңгерту;
- Шағын мақала, өлең, ертегілерді ойдан шығарту, талдау жасауға икемдеу.

Тіл дамыту бағдарламасының күнтізбелік тақырыптық жоспары.

Аптасына 1 сағат. Барлығы 34 сағат.

| №  | Өгілетін тақырыптар                                                                              | Сағат саны | мерзімі | Орындалатын жұмыс түрлері                                   |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|---------|-------------------------------------------------------------|
| 1  | Курстың мақсаты мен міндеті. Оқушыларға қойылатын талаптар. Тіл дамыту сабағында біз не білеміз? | 1          |         | Абай «Білімдіден шыққан сөз», жаттау, сатылы кешенді талдау |
| 2  | Синтаксистік талдау. Жай сөйлем туралы түсінік.                                                  | 1          |         | Мәтінді мазмұндау, сатылы кешенді талдау                    |
| 3  | Жай сөйлемнің түрлеріне түсінік беру                                                             | 1          |         | Мәтін құрастыру                                             |
| 4  | Жақты және жақсыз                                                                                | 1          |         | Шығармашылық диктант                                        |
| 5  | Жалаң және жайылма                                                                               | 1          |         | Жұмбақ құрастыру.                                           |
| 6  | Толымды және толымсыз                                                                            | 1          |         | Шәкәрім «Жастарға» мазмұндау                                |
| 7  | Атаулы сөйлемдер                                                                                 | 1          |         | Сценарий құрастыру                                          |
| 8  | Сөйлем мүшелері. Тұрлаулы мүшелер. Бастауыш                                                      | 2          |         | Көркем шығармадан үзінді талдау                             |
| 9  | Баяндауыш. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша                                   | 2          |         | «Әр өлеңі- бір әлем» Ш.Құдайбердіұлы мазмұндау              |
| 10 | Тұрлаусыз мүшелер. Толықтауыш                                                                    | 2          |         | Н.Назарбаев «Абай туралы» сатылы кешенді талдау             |
| 11 | Пысықтауыш                                                                                       | 2          |         | «Аталар сөзі- ақылдың көзі» талдау                          |
| 12 | Анықтауыш                                                                                        | 2          |         | «Тәлім сөз-тәрбие туралы» жаттау, сатылы кешенді талдау     |
| 13 | Сөйлемнің байланысу түрлері мен тәсілдері                                                        | 2          |         | Даналардан шыққан сөз» сатылы кешенді талдау                |
| 14 | Қыысу                                                                                            | 2          |         | «Аталы сөз- баталы сөз» талдау                              |
| 15 | Менгеру                                                                                          | 2          |         | Жұмбақ нешу                                                 |
| 16 | Матасу                                                                                           | 2          |         | Теориялық материалмен жұмыс                                 |
| 17 | Жанасу                                                                                           | 2          |         | Ақпарат сараптамалық бағдарлама жасау                       |
| 18 | Қабысу                                                                                           | 2          |         | Баяндама жасау                                              |
| 19 | Сөз тіркесін сатылай комплекеті талдау                                                           | 2          |         | Ақпарат- сараптамалық, бағдарлама жасау                     |
| 20 | Сөйлем мүшелеріне талдау                                                                         | 3          |         | Практикалық жұмыс                                           |

**Мүмкіндік деңгейге қойылатын талаптар:**

- Қазақ тілінің халықтық сипатын танытатын тілдегі сөйлемдердің түрлерін, олардың атқаратын қызметін, байланыс түрлерін терең меңгере отырып, қазақ тілінің сіз байлығын, әр сөздің мағыналық ерекшелігін жете танып, өмірде тандап, талғап қолдана білу.
- Ауызекі сөйлеу барысында, түрлі жазба жұмыстарын орындау барысында сауатты сөйлеп, сауатты жазу машығын қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже:**

- Өздігінен шешім қабылдап, кз шешімінің нәтижесін бағалай алады.
- Сөздерді мақсатқа, негізгі ойға, мазмұнға сәйкес өз бетінше талдап қолдана алады;
- Сөзтік қорын өз бетінше толықтырады;
- Оқу материалдары бойынша (диалог, сұхбат, әңгіме, пікір алмасу) т.б. қажетті дағдыларды меңгерді.